




«Самұрық-Энерго» АҚ
Директорлар Кеңесінің
«25» қыркүйек 2024 жылғы
шешіміне (№13/24 хаттама)
Қосымша

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясат «Самұрық-Энерго» АҚ


Құжат иесі	«Комплаенс» қызметі
Редакция	2
Жыл	2024

Астана қ.

	Сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясат «Самұрық-Энерго» АҚ	2 редакциясы
		13-тің 2 беті

Мазмұны

1. Мақсаты және қолдану саласы	Error! Bookmark not defined.
2. Терминдер және қысқартулар	3
3. Қоғамның сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл қағидаттары	Error! Bookmark not defined.
4. Қоғамның/ЕТҰ-ның Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жүйесін ұйымдастыру тәсілдері Error! Bookmark not defined.	
5. Қоғамның компаниялар тобындағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы қоғамның көшбасшылығы	Error! Bookmark not defined.
6. Қоғамның сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылы.....	Error! Bookmark not defined.
7. Қоғамның сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі қызметті қамтамасыз етуі.....	Error! Bookmark not defined.
8. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл бойынша Қоғам қызметінің нәтижелерін бағалау	Error! Bookmark not defined.
9. Жауапкершілік	12
10. Нормативтік сілтемелер	12
1 қосымша	Error! Bookmark not defined.

	Сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясат «Самұрық-Энерго» АҚ	2 редакциясы
		13-тің 3 беті

1. Мақсаты және қолдану саласы

1. «Самұрық-Энерго» АҚ-ның осы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саясаты (бұдан әрі – Саясат) «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасының Заңына, Қазақстан Республикасының Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы өзге де заңнамалық актілеріне, «Самұрық-Энерго» АҚ-ның Мінез-құлық кодексіне, сондай-ақ «Самұрық-Энерго» АҚ (бұдан әрі – Қоғам) қызметін реттейтін ішкі нормативтік құжаттарға сәйкес әзірленді.

2. Саясат Қоғамдағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың негізгі қағидаттарын, сыбайлас жемқорлыққа қатысты құқық бұзушылықтардың алдын алу жөніндегі басқарушылық және ұйымдастырушылық негіздерді белгілейді.

3. Осы Саясаттың негізгі мақсаты Қоғамның, оның лауазымды адамдары мен қызметкерлерінің мінез-құлықтың жоғары стандарттарына, ашық және адал бизнесті жүргізуге, іскерлік беделін нығайтуға және Қоғамға деген сенімін арттыруға бейілділігін білдіру болып табылады.


4. Осы Саясат Қоғамның лауазымды адамдарына, қызметкерлеріне, сондай-ақ дауыс беретін акцияларының (қатысу үлестерінің) 100%-ы Қоғамға тиесілі еншілес және тәуелді ұйымдарының (бұдан әрі – ЕТҰ) лауазымды адамдарына, қызметкерлеріне қатысты қолданылады. Қоғамның меншік құқығындағы дауыс беретін акциялардың (қатысу үлестерінің) тиесілігі 100% - дан кем болатын ЕТҰ-ға осы саясатты тарату осы ЕТҰ-ның басқару органдарымен келісіледі және бекітіледі.

5. Осы Саясат лауазымды тұлғалардың, Қоғам қызметкерлерінің, Қоғамның үлестес тұлғаларының, сондай-ақ Қоғам және ЕТҰ іскерлік немесе еңбек қатынастарын орнататын өзге де үшінші тараптардың танысуы және мүлтіксіз сақтауы үшін міндетті болып табылады.


6. Осы Саясат Қоғамның және ЕТҰ-лардың корпоративтік веб-сайтында орналастырылуға тиіс.

2. Терминдер мен қысқартулар

Термин қысқарту	Анықтама
Сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнама	«Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасының Заңы және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері жөніндегі өзге де нормативтік құқықтық актілер
Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мониторинг	сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясаттың тиімділігіне, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы құқық қолдану практикасының жай-күйіне, сондай-ақ сыбайлас жемқорлық деңгейін қабылдау мен бағалауға қатысты ақпаратты жинау, өңдеу, қорыту, талдау және бағалау жөніндегі қызмет
Қауымдастырылған тұлғалар	басқару органдарының мүшелері, Қоғамның жалғыз немесе алқалы атқарушы органы / ЕТҰ және Қоғамның өзге де үлестес тұлғалары / ЕТҰ, Қоғам контрагенттері / ЕТҰ
Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау	сыбайлас жемқорлықпен байланысты құқық бұзушылықтар жасауға ықпал ететін себептерді анықтау және зерделеу жөніндегі қызмет

	Сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясат «Самұрық-Энерго» АҚ	2 редакциясы
		13-тің 4 беті

Қоғамның компаниялар тобы	«Самұрық-Энерго» АҚ және оның ЕТҰ-лары
Лауазымды тұлғалар	басқару органдарының мүшелері, Қоғамның/ЕТҰ-лардың жалғыз немесе алқалы атқарушы органы, сондай-ақ ЕТҰ-ларда/Қоғамда басқару функцияларын орындайтын тұлға
Еншілес және/немесе тәуелді ұйым (ЕТҰ)	акцияларының (қатысу үлестерінің) 50% және одан көп бөлігі Қоғамға меншік және/немесе сенімгерлік басқару құқығымен тиесілі заңды тұлға
Басқару функцияларын орындайтын тұлға	ұйымдық-өкімдік немесе әкімшілік-шаруашылық функцияларды тұрақты, уақытша не арнайы өкілеттік бойынша орындайтын адам. Әкімшілік-шаруашылық функциялары – Қазақстан Республикасының Заңында белгіленген тәртіппен ұйымның балансындағы мүлікті басқару және оған билік ету құқығы. Ұйымдық-өкімдік функциялар – Қазақстан Республикасының Заңында белгіленген тәртіппен қызмет бойынша бағынысты адамдардың орындауы үшін міндетті бұйрықтар мен өкімдер шығаруға, сондай-ақ бағыныстыларға қатысты көтермелеу шаралары мен тәртіптік жазаларды қолдануға берілген құқық
Материалдық сыйақы	үшінші тұлғалардың пайдасына берілетін немесе олардан қабылданатын материалдық құндылықтар, пайда немесе артықшылықтар
Қоғам	«Самұрық-Энерго» АҚ
Қоғам/ЕТҰ органдары	Қоғамның жалғыз акционері, ЕТҰ-ның жалғыз акционері/жалғыз қатысушысы; ЕТҰ-ның ОСА / ОСУ; Қоғамның/ЕТҰ-ның басқару органы; Қоғамның/ЕТҰ-ның алқалы (жалғыз) атқарушы органы
Мүдделер қақтығысы	лауазымды адамдардың, Қоғам/ЕТҰ қызметкерлерінің жеке мүдделері мен олардың лауазымдық өкілеттіктері арасындағы қайшылық, мұнда аталған адамдардың жеке мүдделері олардың өздерінің лауазымдық міндеттерін орындамауына және (немесе) тиісінше орындамауына әкеп соғуы мүмкін
Сыбайлас жемқорлық	лауазымды тұлғалардың, Қоғам/ЕТҰ қызметкерлерінің өздерінің лауазымдық (қызметтік) өкілеттіктерін және олармен байланысты мүмкіндіктерді жеке өзі немесе делдалдар арқылы мүліктік (мүліктік емес) игіліктер мен артықшылықтарды өздері немесе үшінші тұлғалар үшін алу мақсатында заңсыз пайдалануы, сол сияқты осы тұлғаларға игіліктер мен артықшылықтар беру жолымен пара беру
Сыбайлас жемқорлық тәуекелі	сыбайлас жемқорлықпен байланысты құқық бұзушылықтар жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайлардың туындау мүмкіндігі
Сыбайлас жемқорлық әрекеттері	лауазымды адам, Қоғам/ЕТҰ қызметкері өзінің қызметтік жағдайын мүлік немесе өзге де игіліктер түрінде пайда көру мақсатында пайдалана отырып жасайтын қасақана іс-әрекеттер (әрекет немесе әрекетсіздік)

	Сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясат «Самұрық-Энерго» АҚ	2 редакциясы
		13-тің 5 беті

Контрагент	Қоғаммен/ЕТҰ-мен жасалатын шарт бойынша тарап болып табылатын және шарт шеңберінде өзіне міндеттемелер қабылдаған жеке немесе заңды тұлға
Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл	Қоғам/ЕТҰ лауазымды адамдарының, қызметкерлерінің өз өкілеттіктері шегінде сыбайлас жемқорлықтың алдын алу, оның ішінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру, сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайларды анықтау және жою, сондай-ақ сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарды анықтау, жолын кесу және олардың салдарын жою жөніндегі қызметі
Өкілдік шығындар	қабылдаулар өткізуге, мәдени ойын-сауық шараларына қатысуға, буфет бойынша қызмет көрсетуге, аудармашы қызметтеріне ақы төлеуге және т. б. Байланысты шығыстар.

Осы Саясатта қолданылатын, бірақ анықтамасы берілмеген ұйғарымдар Қазақстан Республикасының заңнамасында, Жарғыда және Қоғамның өзге де ішкі құжаттарында пайдаланылатын ұйғарымдарға сәйкес келеді.

3. Қоғамның сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл қағидаттары

1. Қоғамдағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың негізгі қағидаттары:

1) сыбайлас жемқорлық көріністеріне нөлдік төзімділік – Қоғам өз қызметін жүзеге асыру кезінде кез келген нысандар мен көріністерде сыбайлас жемқорлықты толық қабылдамау қағидатын ұстанады. Сыбайлас жемқорлықтың кез келген көріністеріне нөлдік төзімділік қағидаты Қоғамның атынан немесе оның мүддесі үшін әрекет ететін лауазымды тұлғаларға, қызметкерлерге, қауымдастырылған тұлғаларға тікелей немесе жанама түрде, жеке өзі немесе қандай да бір делдалдық арқылы бизнесті жүргізу практикасы мен жүргізу орнына қарамастан сыбайлас жемқорлық әрекеттеріне қатысуға қатаң тыйым салуды білдіреді;

2) жоғары басшылықтың міндеттемесі және «жоғары тон» белгілеу – Қоғам/ЕТҰ лауазымды тұлғалары сыбайлас жемқорлыққа төзбеушілік мәдениетін қалыптастыруда және Қоғамда/ЕТҰ-да сыбайлас жемқорлықтың алдын алу және оған қарсы іс-қимыл жүйесін құруда түйінді рөл атқарады. Қоғам/ЕТҰ лауазымды тұлғалары сыбайлас жемқорлық көріністерінің кез келген нысандарына және барлық деңгейлерде ашық және тұрақты түрде бітіспес қатынас туралы мәлімдеуге, осы қағиданы жеке мысалда көрсетуге, сақтауға және іске асыруға тиіс;

3) қызметкерлерді тарту – Қоғам/ЕТҰ қызметкерлері кәсіби лауазымдық міндеттер шеңберінде де, жеке белсенді азаматтық ұстаным шеңберінде де сыбайлас жемқорлық тәуекелдері мен сыбайлас жемқорлық фактілерінің алдын алуға белсенді түрде ықпал етуге міндетті;

4) жауапкершіліктің бұлтартпаушылығы – Қоғам лауазымды адамдардың, Қоғам/ЕТҰ қызметкерлерінің атқаратын лауазымына, жұмыс өтіліне және өздерінің лауазымдық міндеттерін атқару кезінде сыбайлас жемқорлықпен байланысты құқық бұзушылықтар жасаған жағдайда өзге жағдайларға қарамастан жауапкершілігінің бұлтартпаушылығы туралы мәлімдейді;

5) заңдылық – Қоғам/ЕТҰ Қазақстан Республикасының және қызмет жүргізетін немесе жүргізуді жоспарлайтын өзге де елдердің сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамасын

	<p align="center">Сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясат «Самұрық-Энерго» АҚ</p>	2 редакциясы
		13-тің 6 беті

қатаң сақтайды және оның кез келген қолданылуы немесе әрекетсіздігі қолданылатын сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманың нормаларына қайшы келмейді. Қоғамның сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс қимыл саласындағы барлық ішкі нормативтік құжаттары Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына және жалпы қабылданған нормаларға сәйкес келуге тиіс;

6) **жариялылық** – Қоғам/ЕТҰ өз қызметін ашық және ашық жүргізуге міндеттенеді. Қоғам/ЕТҰ Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен ақпаратты ашуды жүзеге асыруға міндетті;

7) **сыбайлас жемқорлықтың алдын алу және оған қарсы іс-қимыл жөніндегі рәсімдердің сәйкестігі** - Қоғам өзінің үлестес тұлғалары, лауазымды адамдары мен қызметкерлерінің сыбайлас жемқорлық қызметіне Қоғам/ЕТҰ қызметінде туындауы мүмкін сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне тең түрдегі тарту ықтималдығын төмендетуге мүмкіндік беретін бақылау рәсімдерін әзірлейді және енгізеді;

8) **сыбайлас жемқорлыққа қарсы рәсімдердің тиімділігі** – Қоғам рәсімдерді іске асырудың қарапайымдылығын және елеулі нәтиже алуды қамтамасыз ететіндей барынша ашық, айқын жүзеге асырылатындай етуге ұмтылады. Қоғам қолданыстағы бақылау рәсімдерінің тиімділігін бағалауды жүзеге асырады және тиімсіз болған жағдайда оларды жетілдіреді;

9) **мониторинг және бақылау** – Қоғам сыбайлас жемқорлық тәуекелдерінің жай-күйіне мониторинг жүргізеді, сыбайлас жемқорлықтың алдын алу және оған қарсы іс-қимыл бойынша енгізілген рәсімдердің сақталуын және олардың тиімділігін бақылайды;

10) **мүдделер қақтығысын болғызбау** – Қоғамның/ЕТҰ-ның лауазымды тұлғалары, қауымдасқан тұлғалары мен қызметкерлері Қоғамда/ЕТҰ-да мүдделер қақтығысы болған жағдайда Қоғамда/ЕТҰ-да шешімдер қабылдауға тікелей немесе жанама әсер етпеуге тиіс;

11) **тиісті сақтық шаралары** – Қоғам/ЕТҰ контрагенттермен, жұмысқа кандидаттармен немесе өзге де үшінші тұлғалармен іскерлік қатынастар туындаған/жалғасқан жағдайда олардың сенімділігін және мүдделер қақтығысының болмауын уақтылы тексеруді жүзеге асыра отырып, тиісті сақтық шараларын қолданады;

12) **көшбасшылық және үйлестіру** – Қоғам ЕТҰ-мен, мемлекеттік органдармен және Қоғамның өзге де үшінші тұлғаларымен сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет саласындағы өзара іс-қимылды және ынтымақтастықты, сондай-ақ сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл процесінде іс-қимылдарды үйлестіруді қамтамасыз етеді.

4. Қоғамның/ЕТҰ-ның сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жүйесін ұйымдастыру тәсілдері

1. Қоғамның/ЕТҰ-ның басқару органы:

1) **комплаенс жүйесінің тиімді жұмыс істеуі үшін қажетті ресурстардың болуын қамтамасыз етеді;**

2) **сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың негіз қалаушы қағидаттары мен әдістерін, сондай-ақ комплаенс саласындағы өзге де қажетті құжаттарды айқындайтын сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саясатын бекітеді;**

3) **сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саясатының және комплаенс саласындағы өзге де құжаттардың компанияның мақсаттары мен стратегиясымен келісілуін қамтамасыз етеді;**

	<p align="center">Сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясат «Самұрық-Энерго» АҚ</p>	2 редакциясы
		13-тің 7 беті

4) Қоғамда комплаенс жүйесінің әзірленуіне және енгізілуіне бақылауды жүзеге асырады және оның нәтижелілігін, сондай-ақ жүйенің нәтижелі жұмыс істеуі үшін бөлінетін ресурстардың жеткіліктілігін қадағалайды;

5) қоғамдағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жүйесінің жұмыс істеу тиімділігін бақылауды жүзеге асырады.

2. Қоғамның/ЕТҰ-ның атқарушы органы мына төмендегі жайттар үшін жауапты болады:

1) комплаенс жүйесі мен функциясының тиімді жұмысына қажетті шараларды қабылдау;

2) жемқорлыққа қарсы іс-қимыл менеджменті жүйесін әзірлеуді, енгізуді, жұмыс жағдайында ұстауды және оның қайта қаралуын қамтамасыз ету;

3) комплаенс жүйесінің тиімді жұмыс істеуі үшін жеткілікті және тиісті ресурстарды ұсыну;

4) комплаенс мәдениетін ілгерілету, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл және бұзушылықтардан бас тарту;

5) компания қызметкерлерін сыбайлас жемқорлыққа тиімді қарсы іс-қимылдың маңыздылығы және комплаенс жүйесінің талаптарына сәйкестігі идеяларына қатыстыру;

6) сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жүйесін тұрақты түрде жақсарту;

7) қызметкерлерді бастамашылық ақпараттандыру құралдарын пайдалануға ынталандыруды қамтамасыз ету (Жедел желі);

8) қызметкерлердің ешқайсысы адал ниетпен немесе негізделген болжамға байланысты компанияда жасалған бұзушылықтар туралы хабарлама жасағаны үшін немесе сыбайлас жемқорлық әрекеттеріне қатысудан бас тартқаны үшін, тіпті мұндай бас тарту компанияның бизнесі үшін шығындарға әкеп соғуы мүмкін болса да, қудалауға, кемсітуге немесе тәртіптік ықпал ету шараларына ұшырамайтынына кепілдік беру.

3. Қоғамда «Комплаенс» қызметі құрылған және жұмыс істейді, оның мақсаты Қоғамның Директорлар кеңесі мен Басқармасына Қоғамның маңызды комплаенс және сыбайлас жемқорлық тәуекелдері тиісті түрде басқару сенімділігін қамтамасыз ететін тиімді комплаенс жүйесін құру бағытында қолдау көрсету болып табылады. «Комплаенс» қызметінің мақсаттары мен міндеттері «Комплаенс» қызметі туралы Ережемен реттеледі.

4. «Комплаенс» қызметінің тәуелсіздігіне мынадай жолдармен (тек бұлармен шектелмей) қол жеткізіледі:


1) Қоғамның Директорлар кеңесінің комплаенс саласындағы ереже мен негізгі саясатты, жұмыс тәртібі мен жоспарларын бекітуі;

2) Қоғамның Директорлар кеңесінің комплаенс тәуекелдерінің мәртебесі және қоғамдағы комплаенс жүйесінің жұмыс істеуі туралы ақпаратты тұрақты түрде алуы;

3) Комплаенс жүйелерінің жұмыс істеуі және туындайтын шектеулер мәселелерін талқылау үшін «Комплаенс» қызметінің Қоғамның Директорлар кеңесіне тікелей қол жеткізуін қамтамасыз ету;

4) «Комплаенс» қызметінің өкілеттіктері мен ресурстарының жеткіліктілігі;

5) шектеусіз және кедергісіз негізде ақпарат пен материалдарды, оның ішінде коммерциялық, қызметтік құпияны және заңмен қорғалатын өзге де құпияны құрайтын ақпаратты алу.

	<p align="center">Сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясат «Самұрық-Энерго» АҚ</p>	2 редакциясы
		13-тің 8 беті

5. Қоғамның компаниялар тобындағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы Қоғамның көшбасшылығы

1. Қоғамның Директорлар кеңесі мен Басқармасы осы Саясатта көзделген сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі қағидаттарды мүлтіксіз ұстанады, сондай-ақ Қоғамның/ЕТҰ-ның қызметкерлері мен қауымдастырылған тұлғаларының осы қағидаттарды сақтауын талап етеді.

2. Қоғам көшбасшылықты өзіне алады және ЕТҰ-ның сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы қызметін үйлестіреді.

3. Қоғам өз ішкі нормативтік құжаттарын бекіту арқылы Қоғам компаниялары тобының ұйымдарында тиімді және нәтижелі комплаенс жүйесін құруға қатысады.

4. Қажет болған жағдайда сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы мәселелер бойынша жұмыс істеу, сондай-ақ комплаенс тексерулер жүргізу үшін бірлескен жұмыс топтары құрылуы мүмкін.

5. Қоғам ЕТҰ іске асыратын сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл шараларын, оның ішінде анықталған сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін, сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға ықпал ететін факторларды жою жөніндегі шараларды үйлестіреді.

6. Қоғамның ЕТҰ-мен өзара іс-қимыл жөніндегі ішкі нормативтік құжаттарына сәйкес сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша ЕТҰ-ның бірінші басшыларының қатысуымен тындау жүргізілуі мүмкін.

6. Қоғамның сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылы

6.1. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін бағалау

1. Қоғам Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі бағалау жүргізеді.

2. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтаудың және бағалаудың мақсаты Қоғамның Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамасын сақтамау тәуекелдеріне жататын қызмет түрлері мен бизнес-процестерін анықтау болып табылады, бұл тәуекелдерге лауазымды тұлғалар мен қызметкерлердің жеке пайда алу мақсатында да, Қоғамның пайда алу мақсатында да сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасау ықтималдығының жоғары болуы жатады.

3. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау, бағалау сыбайлас жемқорлыққа қарсы мониторинг және сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау жолымен жүргізіледі.

4. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін бірдейлендіруді және бағалауды жүргізу, оларды барынша азайту жөніндегі шараларды әзірлеу тәртібі Қазақстан Республикасының заңнамасымен және/немесе Қоғамның ішкі нормативтік құжаттарымен регламенттеледі.

6.2. Контрагенттерді тексеру

1. Қоғам сыбайлас жемқорлық әрекеттерге қатысы болуы мүмкін контрагенттермен іскерлік қарым-қатынас тәуекелін барынша азайту үшін ақылға қонымды күш-жігер жұмсайды. Қоғам контрагенттерді бағалайды, контрагенттердің осы Саясаттың талаптарын сақтауын қамтамасыз ету үшін шаралар қабылдайды және келісім-шарттарға сыбайлас жемқорлыққа қарсы тармақтарды енгізеді, сондай-ақ іскерлік және сыбайлас жемқорлықтың алдын алу бойынша өзара көмек көрсетеді.

	<p align="center">Сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясат «Самұрық-Энерго» АҚ</p>	2 редакциясы
		13-тің 9 беті

2. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы ескертпені пайдалану Тараптар арасындағы сенімді сақтауға және шарттар жасасу кезінде де, орындау кезінде де сыбайлас жемқорлықтың алдын алуға көмектеседі.

3. Контрагенттерді бағалау және тексеру тәртібі Қоғамның ішкі нормативтік құжаттарымен реттеледі.

6.3. Қайырымдылық, демеушілік және саяси қызметке қатысу

1. Қоғам өз ішкі нормативтік құжаттарына сәйкес қайырымдылық көмек көрсете алады.

Қоғам, сондай-ақ лауазымды адамдар мен қызметкерлер өз қызметінде артықшылыққа ие болу немесе сол артықшылықты сақтау мақсатында саяси партияларды, қоғамдық бірлестіктерді қаржыландырмайды.

2. Қоғамдық бірлестіктерге қатысқан кезде лауазымды адамдар мен қызметкерлерге өз қызметінде Қоғам үшін артықшылықты иелену немесе сақтау мақсатында Қоғам атынан төлемдер ұсынуға, беруге, уәде беруге немесе жасауға, мүлік енгізуге, сыйлықтар беруге тыйым салынады.

3. Лауазымды адамдар мен қызметкерлер қоғамдық ұйымдарға қатысқаны үшін Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес дербес жауапты болады.

6.4. Формальдылықты жеңілдету үшін төлем


1. Бұл Саясат формальдылықты жеңілдету үшін төлемдерді төлеуге немесе қабылдауға тыйым салады. Формальдылықты жеңілдету үшін төлем әдеттегі рәсімдерді орындау немесе жеделдету үшін лауазымды адамдар мен қызметкерлерге жасалған төлемдерді білдіреді. Формальдылықты жеңілдету үшін төлем мөлшері туралы ақпарат көпшілікке қол жетімді болатын қызметтердің ресми төлемдерінен өзгеше болып табылады.

6.5. Сыйлық беру, сыйлықтар, өзге де қызметтерді (ілтипат көрсеу) қабылдау

1. Қоғам/ЕТҰ-ның Мінез-құлық кодексіне және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Қоғам лауазымды адамдар мен қызметкерлерге, сондай-ақ олардың отбасы мүшелеріне материалдық сыйақы, сыйлықтар немесе қызметтер көрсеткен адамдардың пайдасына осы адамның әрекеттері (әрекетсіздігі) үшін берілетін материалдық сыйақыны, сыйлықтарды немесе көрсетілетін қызметтерді алуға тыйым салады, егер мұндай әрекеттер (әрекетсіздік) осы адамның қызметтік өкілеттігіне кіретін болса, ол өзінің лауазымдық жағдайына байланысты мұндай әрекеттерге (әрекетсіздікке) ықпал ете алады.

2. Лауазымды адамдардың және (немесе) олардың отбасы мүшелерінің хабарынсыз келіп түскен сыйлықтар мен ақша Қазақстан Республикасының Сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамасының талаптарына сәйкес уәкілетті мемлекеттік органға өтеусіз берілуге/аударылуға жатады.

3. Қоғам ресми кездесулер барысында іскерлік сыйлықтармен (кәдесыйлармен) алмасуды және өкілдік шығыстарды, оның ішінде іскерлік қонақжайлылықты жүзеге асыруды бизнесті жүргізудің қажетті бөлігі және жалпы қабылданған іскерлік практика деп таниды. Қоғам іскерлік сыйлықтар мен іскерлік қонақжайлылық шығындарына қатысты адалдық пен ашықтық ортасын қолдайды.

	Сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясат «Самұрық-Энерго» АҚ	2 редакциясы
		13-тің 10 беті

4. Өкілдік шығыстарды, оның ішінде Қоғамның үшінші тұлғалармен іскерлік қонақжайлылығын жүзеге асыру мынадай критерийлерге жауап беруі тиіс:

1) Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасының, Қоғамның Мінез-құлық кодексінің және ішкі нормативтік құжаттарының нормаларына толық сәйкес келуі;

2) ақылға қонымды, әдеп нормаларына сәйкес болуы, және сән-салтанат қатарындағы заттар болмауы;

3) қызмет, іс-әрекет, әрекетсіздік, жол бермеу, қамқоршылық, құқықтар беру, мәміле, келісім, лицензия, рұқсат және т. б. туралы белгілі бір шешім қабылдағаны немесе алушыға өзге де заңсыз немесе этикаға жат мақсатпен ықпал етуге тырысқаны үшін жасырын сыйақы ұсынбау;

4) қонақжайлылық таныту адамның белгілі бір тәсілмен әрекет етуіне ықпал етуге немесе итермелеуге немесе оның рөлін немесе функциясын орындағаны үшін сол адамды марапаттауға арналған деп есептелмейді және қабылданбайды;

5) сыйлықтар немесе өкілдік шығыстар туралы ақпарат ашылған жағдайда Қоғам/ЕТҰ, лауазымды адамдар мен қызметкерлер, сондай-ақ өзге де адамдар үшін бедел тәуекелін туғызбау;

6) қонақжайлылық көрсету орынды және осы Саясатта көзделген шектен шықпауы қажет, және тиісті бөгде ұйымның қонақжайлылығына қатысты саясаттарыны бұзбайды.

5. Қонақжайлылықтың заңсыз көріну фактілерін, іс-әрекеттері (әрекетсіздігі) үшін ұсынылатын материалдық сыйақыны, сыйлықтарды немесе қызметтерді ұсыну фактілерін оларды алған тұлғалар дереу уәкілетті тұлғалардың/құрылымдық бөлімшелердің (комплаенс функциясы және т.б.) назарына жеткізуі тиіс. Бұл фактілерді уәкілетті тұлға/құрылымдық бөлімше оларды белгілеген сәттен бастап 5 жұмыс күнінен кешіктірмей электрондық немесе қағаз нысанда тіркеуге тиіс.

6. Мүдделер қақтығысын реттеу тәртібі Қоғамның ішкі нормативтік құжаттарымен реттеледі.

6.6. Бастамашылық ақпараттандыру желісі бойынша (жедел желі) түсетін жеке және заңды тұлғалардың өтініштерімен жұмыс

1. Кез келген бұзушылықтар, атап айтқанда, Мінез-құлық кодексін сақтамау Қоғамның қызметі мен беделіне айтарлықтай зиян келтіруі мүмкін. Осыған байланысты Қоғам үшінші тараптардан қызметкерлердің Мінез-құлық кодексін, сыбайлас жемқорлыққа, алаяқтық пен парақорлыққа және өзге де бұзушылықтарға қарсы күрес жөніндегі талаптарды сақтамауына байланысты аландаушылық білдіруін талап етеді.

2. Осы Саясатта қамтылған мәселелерге қатысты аландаушылығы бар кез келген қызметкерге немесе өзге қауымдастырылған тұлғаға мұндай аландаушылық туралы ақылға қонымды қысқа мерзімде «Комплаенс» қызметіне хабарлау қажет. Мұндай аландаушылық адал, сенімді және игі ниетпен білдірілуі керек.

3. Қоғам қызметкерлер, қауымдастырылған және өзге де тұлғалар өздерінің хабарламалары тиісті түрде қаралатынына сенімді болуы үшін бастамашыл ақпараттандыру желісіне сенімділікті арттыру маңызды екенін мойындайды. «Самұрық-Қазына» АҚ көрсетілген тұлғаларға тәуелсіз үшінші Тарапқа, оның ішінде құпия немесе анонимді негізде (бірыңғай жедел желі қызметі) өз аландаушылығын білдіруге мүмкіндік беру үшін белгіленген тәртіппен сыртқы операторды тартады. Мұндай хабарламалар тәулігіне 24 сағат, аптасына 7 күн бойы жіберілуі мүмкін.



4. Қоғам / ЕТҰ кез келген ықтимал бұзушылық туралы хабарлаған немесе сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелерін тікелей немесе жанама қозғайтын өзге де фактілер бойынша алаңдаушылық білдірген адамға қысым көрсетпеуге кепілдік береді. Тексеру жүргізілген сәтте немесе одан кейін мұндай адамға қатысты тәртіптік шаралар немесе жұмыстан босату әрекеттері немесе оның өтінішінде пайда болған адамдар тарапынан оған өзге қысым жасалмауға тиіс. Сондай-ақ, Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында, ішкі ережелерде, Мінез-құлық кодексінде (мәліметтерді, құжаттарды, түсіндірмелерді және т.б. ұсыну арқылы тексеруге/тергеуге жәрдемдесу) көзделген өз міндеттері шеңберінде тексеру жүргізген немесе ықтимал бұзушылық туралы куәлік берген тұлғаға қысым көрсетілмейтініне кепілдік беріледі.

5. Бастамашылық ақпараттандыру желісі (жедел желі) бойынша келіп түсетін жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау Қоғамның ішкі нормативтік құжаттарына сәйкес жүзеге асырылады.

7. Қоғамның сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі

қызметті қамтамасыз етуі

1. Қоғамның/ЕТҰ-ның басқару органы және атқарушы органы сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі қызмет үшін, оның ішінде тиісті біліктілігі бар қызметкерлердің жеткілікті санын бөлу, тиісті еңбек жағдайларын беру, ақпарат алмасу үшін коммуникациялардың ақпараттық жүйелеріне, сыртқы және ішкі құралдарына қол жеткізу, қажетті қаржыландыруды бөлу арқылы тиімді орта құруға ықпал етеді.

2. Персоналдың қажетті хабардарлық деңгейін қамтамасыз ету және қолдау мақсатында Қоғам/ЕТҰ сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша қызметкерлерді үнемі хабардар етуді және оқытуды қамтамасыз етеді.

3. Қоғам сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл процестерін олардың жоғары тиімділігі мен ашықтығын қамтамасыз ету үшін автоматтандыру және цифрландыру жөнінде шаралар қабылдайды.


4. Қоғамның басқару органы мерзімді негізде «Комплаенс» қызметінен Қоғамдағы сыбайлас жемқорлыққа тиімді қарсы іс-қимыл үшін бөлінетін ресурстардың жеткіліктілігі туралы ақпарат алып отырады.

8. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл бойынша Қоғам қызметінің нәтижелерін бағалау

1. Қоғам сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі қызметті үнемі бағалап отырады.

2. Кемшіліктер мен сәйкессіздіктер анықталған кезде Қоғам сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл процестері мен менеджмент жүйесін түзету және/немесе жетілдіру бойынша әрекет етеді.

3. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы қызметті бағалауды жүргізу тәртібі Қазақстан Республикасының заңнамасымен және Қоғамның ішкі нормативтік құжаттарымен регламенттеледі.

	Сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясат «Самұрық-Энерго» АҚ	2 редакциясы
		13-тің 12 беті

9. Жауапкершілік

1. Қоғамның/ЕТҰ-ның лауазымды адамдары мен қызметкерлері Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес сыбайлас жемқорлық әрекеттерін жасағаны үшін қылмыстық, әкімшілік, азаматтық-құқықтық және тәртіптік жауаптылықта тартылады.

2. Қоғамның/ЕТҰ-ның лауазымды адамдары мен құрылымдық бөлімшелерінің басшылары өз өкілеттіктері шегінде, сондай-ақ шарттық қатынастар шеңберінде Қоғамның/ЕТҰ-ның тапсырмасы бойынша не жоғары тұрған органның (аудиторлардың, агенттердің, консультанттардың және т. б.) тапсырмасы бойынша жұмыс істейтін үшінші тұлға-контрагенттердің басшылары осы Саясатта белгіленген ережелерді іске асыру жөніндегі қызметті ұйымдастыруға және үйлестіруге жауапты болады.

3. Адам ресурстарын басқаруға жауапты құрылымдық бөлімше (кадр бөлімі) «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасының Заңында айқындалған адамдардың сыбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулерді қабылдауға жазбаша келісімдерін қалыптастыруға, жинауға және сақтауға жауапты болады.

4. Қоғамның/ЕТҰ-ның лауазымды адамдары мен қызметкерлері 1-қосымшаға сәйкес осы Саясатты адал ұстануға өз міндеттемелерін кезең-кезеңмен, жылына кемінде бір рет жазбаша растауға міндетті.

5. «Комплаенс» қызметі Қоғамдағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі функциялардың тиімді орындалуына жауапты болып табылады.

10. Нормативтік сілтемелер

№	Құжат атауы
1	«Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасының Заңы
2	«Самұрық-Қазына АҚ тобының комплаенс функциясы бойынша корпоративтік стандарт
3	«Самұрық-Энерго» АҚ Мінез-құлық кодексі

	Сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясат «Самұрық-Энерго» АҚ	2 редакциясы
		13-тің 13 беті

**«Самұрық-Энерго» АҚ Сыбайлас
жемқорлыққа қарсы іс-қимыл
саясатына 1-қосымша**

Осы нысанды «Самұрық-Энерго» АҚ Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саясатында белгіленген талаптармен мұқият танысқаныңызды, түсінгеніңізді және адал орындауға міндеттенгеніңізді растау үшін пайдаланыңыз.

РАСТАУ ҚАҒАЗЫ

Туісті ұяшықтарды белгілеңіз

Мен «Самұрық-Энерго» АҚ Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саясатымен танысқанымды және түсінгенімді растаймын.

Мен «Самұрық-Энерго» АҚ Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саясатында белгіленген талаптарды қатаң сақтауға міндеттенемін.

Мен «Самұрық-Энерго» АҚ Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саясатын бұзған жағдайда азаматтық-құқықтық, әкімшілік және қылмыстық жауапкершілікке тартылып, оның ішінде Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде белгіленген тәртіппен атқаратын қызметімнен босатылуым мүмкін екендігі туралы хабардар болдым.

Осы жерге қол қойыңыз

_____ «__» ____ 20__ ж.

Аты-жөні(толығымен)

қолы